

ЖАҢАЛЫҚТАР

Каспийдегі оқу-жаттығу кезінде 9 әскери қызметкер қаза болды

24 қыркүйек 2026 жыл, 14:40



Маңғыстау облысында әскери-теңіз күштерінің оқу-жаттығуы кезінде жел күшейіп, 19 әскери қызметкерді су ағызып әкетті. Қорғаныс министрлігінің [хабарлауынша](#), 9 әскери қызметкер қаза болды. Үш адам құтқарылды, біреуі ауруханаға жатқызылған. Қалғаны іздестіріліп жатыр.

Іздестіру-құтқару жұмыстарына әскери-теңіз күштерінің, төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелері, авиация және басқа да тиісті қызметтер жұмылдырылды.

Оқиға орнына қорғаныс министрі қорғаныс министрлігінің комиссиясы шұғыл аттанған деп айтылады. Ведомство қаза болғандар азаматтардың отбасына көңіл айтып, тиісті көмек беруге уәде берген.

Бас прокуратура Ақтау гарнизонында әскери жаттығу кезінде опат болған сарбаздардың өліміне байланысты қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады.

Жедел тергеу тобы құрылды. Тергеушілер оқиғаның жай-жапсарын анықтап, тиісті сараптама жүргізілетіні айтылды. Бас прокуратура тергеу ерекше бақылауда болатынын хабарлады.

(Ақпарат толықтырылады)

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ